

Ізденуші С.Қ.Майғазиеттың докторлық (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстандағы эстрадалық ансамбльдер өнеріндегі ұлттық өзектер» атты диссертациясына

ПІКІР

Тәуелсіз мемлекетіміздің қазіргі кезеңдегі музыка мәдениеті өзінің көпжанрлы, көп форматты түрлерімен ерекшеленуде. Бұған ықпал болған: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлттың болмысы көрсетілген жаңашыл «Рухани жаңғыру» атты бағдарламасы.

Бірнеше күрделі мәселелерді анықтайтын бұл жобада, әсіресе қазақтың дәстүрлі музыкасының сақталып, оны жаңа деңгейде дамыту жолдары туралы айтылған. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» деген бөлімшеде домбыра, қобыз, сыбызғы, ысқырық, сазсырнай, дауылпаз және т.б. аспаптардың болашақта да қолданылып, орындаушылық өнерде өз орнын алуы туралы ескертілген.

Бұл тұрғыдан С.Қ.Майғазиеттің диссертациясында жүйеленген проблемалары толығымен, уақыт сұранысына сай болып, жан-жақты қамтылып жауап береді.

Ізденушінің бұл жұмысы өзінің өзектілігімен, күрделілігімен, ғылыми-тәжірибелік құндылығымен қазақ музыкатану саласында тұңғыш, алғашқы зерттемелердің бірі. Үш көлемді бөлімнен тұратын диссертация нысанасына қазіргі кезеңде көпшіліктің ризашылығына бөленген және шетелдердің эстрадалық сахналарында жемісті түрде өнер көрсетіп жүрген қазақстандық ұжымдардың орындаушылық шеберлігі, олардың бағдарламаларындағы ұлттық тенденциялары алынған. Нақтылы келтірсек, олар: атағы аңызға айналған «Досмұқасан», «Ұлытау», «Тұран», «Мұрагер», «Роксонаки», «МузАРТ», «Magic of Nomads», «Қоңыр», «Алдаспан» және т.б.

С.Қ.Майғазиет белгіленген диссертациялық тақырыпты зерттеу жолында оған байланысты көптеген ғылыми мәселелерді қарастырады. Мысалы, ұлт өміріндегі тұрмыс-салттық, бақсылық, жыраулық, ән-күй орындағандағы айтыс жанрында сахналық, театрлық элементтерді көрсетіп, оларды қазіргі кезеңдегі эстрадалық өнердегі ерекше көркемдік сипаттармен байланыстырады. Зерттеу барысында диссертант аталған және басқа да атақты топтардың құрылу тарихына, орындаушылардың арнайы (кәсіби) білімдері пайдаланған аспаптары (олардың ішінде ұлттық аспаптардың болмысы) туралы кеңінен мәліметтер келтіреді.

Жұмыста тиянақты түрде бөлінетін проблема – олар ұжымның бағдарламасындағы этнофольклорлық бағыттарды саралау, анықтау, әр эстрадалық әдіс-тәсілдерге икемделген ән мен күйдің орнын белгілеп, атын атап, ұлттық сипатын, композициялардағы көркемдігін баяндап өту кеңінен орын алды. С. Майғазиет диссертацияда жеке эстрадалық ұжымдарға тоқталғанда, оның өзіндік, стильдік, жанрлық өзектерін қарастырғанда, сахналық мәдениетіне де көңіл бөліп, оларды моноэтникалық,

полиэтникалық, этно-фьюжилық («The Magic of Nomads»), этно-рок («Ұлытау»), («Андаспан»), этно-топ («Қоңыр») – деп жанрларын ажыратады.

Ана тілін жетік білетін диссертант және өзі көптеген жылдар бойы қазақ эстрадасының қалыптасып, дамуына белсенді түрде қатынасқан («Мұзарт» ансамблінің әншісі ретінде) С.Майғазиев диссертациялық жұмысында көптеген шетелдік музыкалық терминдерді өте орынды, ұтымды түрде қазақшалап, түсініктемелер береді.

Қорыта айтқанда, бұл жұмыстың Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі кезіндегі мәдениетін зерттеуде өзінің қомақты үлесін қосатыны сөзсіз, өте керекті, өзекті туынды. Диссертацияны С.Майғазиев өз тарапынан жазды, оның қол жеткен нәтижелері докторлық (PhD) дәрежеге сәйкес деп тұжырымдаймын.

Ғылыми кеңесші



С.Ә.Күзембай, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, өнертану ғылымының докторы, профессор, ҚР қайраткері, ҰҒА-ның корр-мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сұлықтың лауреаты

